About 80% of all adoptees desire information on their parents, birth and the background of their adoption, but no cooperation was found from public institutes except in cases of public officers' individual interests and cooperation. With no support for Korean adoptees who visit Korea, they leave Korea with a sense of betrayal because of the disinterest and lack of cooperation of the government. However, it was discovered that the adoptees who found their parents or were able to confirm their identities had less resentment against their native country and parents.

The diasporic nature of OKA is confirmed through the following which is different from previous studies:

Case 1

According to one overseas Korean adoptee, he was adopted by a family in Switzerland in 1972 when he was five. His life there was not easy. As his adoptive parents had financial difficulty, he had a difficult adolescence and no opportunity to study at college. He had to endure discrimination as he was not European. “He had to prepare better resume to get a job. As no photo is attached to resumes in Switzerland, he was able to get job interviews, but interviewers rejected him when they saw him.” To adopt to Swiss society, he completed military service there and earned money so he could be admitted to the University of Zurich. <omitted> He decided to return to Korea in the summer of 2003. He stayed in Korea for two months on vacation and decided to live here. He visited Korea twice in 1990 and 1999, and found his real mother in 1994. After that he often visited Korea for holidays and decided to stay in Korea. The adoptive parents held him, but he did not change his decision. He could not throw away the nationality of the host country because of the love the adoptive parents gave him, but he said, “I did not give up my Korean nationality. I was sent away. I am happy to regain it.”

At any rate, the existence (Anwesenheit) and visibility(Sichtbarkeit) of cultural others are basic and inevitable.

As much as we could not but consider each other as others, we know each other and are close. These collective others have actual meaning as those who belong to a different culture from our common life. That is, when nationality or racial blood is confirmed, almost everything about a person can be defined.

Here, what is told through 'being Korean, Korean culture, and Korean descent' is beyond a statement of collective properties at just an abstract level. Regardless of our will or independent decision, it says who I am, as an individual entity, and what my properties are. How I should be treated, what my personality is, what food and music I will like, and how I should be treated in business are clearly presented through my pre-recognition in the culture of the state or society I belong to.

In accordance with the limitation of the discussion to have a 'multi-cultural society' by Chon Sun-young, pre-recognition has been clearly confirmed through experiences of differentiation and exclusion of host countries.

Case 2

"I want be a white person." A Korean adoptee's identity confusion while being raised.

It was shown that most Korean adoptees, who make up the largest part of overseas adoptees in America, had identity confusion during their growth. Along with the results that adoptees are confused in their identities while growing up, The New York Times published an article addressing the trouble and sorrow of Korean adoptees. Ms. Jo (aged 35) who is working as a high school teachers in Fort Lauderdale, Florida, was adopted by a white family when she was three in 1977. She confessed, "I could not tell my adoptive parents my worry about my racial identity because then I would have seemed ungrateful."

When the Evan Donaldson Adoption Research Center in New York investigated 179 Korean adoptees, 78% answered that they thought they were white or wanted to be white. 60% responded that they have come to realize their racial identity since middle school. 61% responded that they had decided to try to find their real parents and gain a curiosity about Korean culture after they grew up. Most adoptees experiences racial discrimination when they were young and also had similar experiences being excluded by Asians. She said that when she (Ms. Jo) visited her maternal grandmother in Korea, the grandmother blamed her saying: 'why did you not learn Korean?' There are lots of cases where adoptees have been hurt by Korean's attitudes toward them.

3. The Relationship between Homeland Korean Adoptees

Most host countries of overseas adoptees have successfully set up multicultural discourse. The mechanism of social and psychological exclusion in the host country has not been mitigated. On the surface, it seems that the term multicultural indicates understanding, generosity, reconciliation, and harmony, but internally and in reality - regardless of its good intention - it works to reconfirm or reinforce cultural uniqueness and identity in a modern state-society.

As the concept of culture and cultural identity inherits the concept of culture which implies the concept of society and the possibility of collective comparison in a modern state-society, what discourse on multi-cultural society produces - sympathetically - is a continuous idea of others, difference, and internal integrity, not identity and inclusion. If discourse on cultural identity can be defined as a discourse device through which various differences are reproduced in one's integrity or identity, discourse on multiculturalism carries the task exactly. As multiculturalism emphasizes the importance of culture with the approach that native cultures of emigrants are not obliterated (Kymlicka, 2005), the following cases confirm it.

Case 1. A camp for overseas Korean adoptees and their real parents is opened in the host countries during summer and winter vacations with help from Korean immigrants. An adoptee who was born of a single mother aged 16 and adopted by a family in the U.S. said that her adoptive parents had her learn Korean since she was young. Her adoptive mother was a German intellectual and works as a school librarian. These days, adoptive parents try to teach Korean language and culture. As a result, as more than 20 dance companies and Korean culture academies have been opened and adoptees have become teachers there, adoptive parents put a lot of trust in these agencies. As adoptive parents feel guilty because they removed children from their original culture, they send them to a Korean culture camp and help them to find their identities. Sometimes, adoptive parents do not know what to do. She suggested that grown-up adoptees should mentor younger adoptees. She learned about knot art and Korean traditional paper art. She could find her identity through culture. Her life style desired Korean culture and Korean adoptees are helping each other. However, she said that it is not desirable to publish a research or report based only on the opinion of adoptive parents without the adoptees' opinions also being shown.

Case 2. Some adoptees groups in the French-speaking areas of Switzerland gather at the Korean Embassy in Bern, Swiss on August 15 which is Independence Day in Korea. They have a good time eating Korean food with other Koreans living in Switzerland in the yard of the embassy. The adoptees in Switzerland form a collective identity in one place from early in the morning to late in the afternoon. Then they have also organized an overseas adoptee link with Seoul.

As seen in the cases above, this study suggests that overseas Korean adoptees tend to form collective identities and join in correspondence beyond the level of identity search or nostalgia as the transnational nature and multicultural discourse increases in the host country.

V. Conclusion

We have approached overseas Korean adoptees from the perspective of transnational diaspora.

This study defined overseas Korean adoptees as transnational diaspora and examined the characteristics of transnational experiences and identity building in order to identify the existing viewpoint of using overseas Koreans in their native country or the limitation of the perspective of *jus sanguinis*.

This researchers examined what attitude and recognition overseas Korean adoptees have, who live in the age of globalism and trans-nationalism, on the trends of trans-nationalism and a multi-cultural society.

Diaspora, as overseas adoptees, show a sense of crisis and resistance about their identity when their own language and cultural values are ignored in the place where they have settled. However, when they feel they are respected and their culture and social positions are guaranteed, they will respond positively. Thus, diaspora's attitude to life has an important meaning individually and socially.

For mutual exchange between past and present society, diaspora should have an open mind and a dignified attitude to accept and recognize the cultures of the society where they are living now. Also they should be able to maintain their status close to their native culture and open themselves to the culture of their host country. All people should live in harmony with each other, whatever group they are in while having their own sense of existence, for the formation of a peaceful civil society as well as individual maturity.

From the perspective of the native country, overseas Korean adoptees are human resources who are spread all over the world. About 200,000 adoptees, their families, and human relationships they have are a resource which can lead in globalism. This can not be artificially built up. They can serve as the main actors who can manage and coordinate relations between their native country and their host country in international relationships. Furthermore, it is certain that they will appear as leaders of the age of globalism advancing multi-culturalism and trans-nationality.

However, the Korean government, social groups, and academic circles should reconsider the historical specialitythe and ontological position of Korean adoptees prior to having new expectation and roles for them.

Although Korea may present any political alternative without sympathetic understanding from overseas Korean adoptees under the assumption that it honestly recognizes and is retrospective of the history of adoption which has been covered up, they will not be welcome a narrow one-sided native country-centered project.

When efforts to discover and recognize their characteristics as transnational diaspora take precedence in a trans-national and multi-cultural age, their relationship with their native country will be newly organized. It is more important to recognize their multiple identities and discover their new transnational roles, which can contribute to the development of both countries, rather than expect a sense of belonging, devotion to native country, and loyalty from them.

1 Bertha Holt. "Bring My Sons From Afar", Holt children's service inc.1989,

2 Chon, Sun-young(2004), "Limitation of Discussion on Multicultural Society and Paradox <Korea and Germany Social Science Treaties>, Vol.14.No.2, 2004.

3 Cohon, Robin, *Global Diasporas; An Introduction*, UCL, Press,1997.

4 Hu, Nam-soon, "A Study on National Identity of Korean Children who were adopted by American families", *Korea Child Welfare*, Vol.5,1997.

5 _____, "National Identity of Overseas Adoptees and Our Challenge," *Korea Child Welfare*, The 7th Academic Seminar of Korea Children's Service in 1996.

6 Hwang, Seung-yeon, "Hope and Dispair of Returned Adoptees," a presentation collection of Sociology, published by the Association of Korean Social Studies, 1998.

7 Jang, Yoon-soo, "A Study on Korean Adoptees from Korean Diaspora Viewpoint", *Korean Journal of World Area Studies*. Vol.26, 2008.

8 Jeong Ga-young, "Life and Recognition Politics of Mongol Adolescents in Korea," A master's thesis, Yonsei University, 2008.

9 Jeong Ga-young, "Life and Recognition Politics of Mongol Adolescents in Korea," A master's thesis, Yonsei University, 2008.

10 Jeon, Hyeong-gwon, "A Theoretical Review on International Immigration: An Integrated Model of Diasporic Phenomenon", *Journal of Northeast Asian Studies*. Vol.49, The Korean Association of Northeast Asian Studies. 2008.

11 Kim, Kyung Joo "A Case Study on the Overseas Adoptees' Reunion with Birth Parents" A master's thesis, Ewha Women University, 1998.

12 Kim, Hyun-sook, "Transnational Adoption and Beyond-Borders Identity: Jane JeongTrenka's *The Language of*

Blood”, *Korea English Literature*. Vol.57.2011,

13 Koo, Eun-sook, “Redefinition of the Myth of Origin and Homecoming in a Korean Adoption Epics: Jane Jung Trenka's 『Fugitive Vision』”. *Comparative Korean Studies*. Vol.18, 2010.

14 Lee, Mi Sun, “Factors Influencing Self-identity of Korean Overseas Adoptees”, *Korea Child Welfare*, Vol.14, 2002

15 _____, “Research on the Factors influencing the Pscho-social Adjustment of Overseas Adoptees” Department of Social Work The Graduate school of Seoul Women's University, 2001.

16 Lee, Sang-Hwan, “Politics of Recognition and Social Justice”, *In Philosophical Study* Vol.107 Korea Philosophy Society.2008.

17 _____, “Political Philosophy of Communitarianism in the Era of Pluralism :From the politics of right to politics of recognition”, a doctoral thesis, Gyeongbuk National University, 2005.

18 Lee, Yewon, “Observing the History of Overseas Adoption in Macro and Micro Levels - Through narratives of overseas Adoptees”, *Ethnic Study*, Vol.37,2009.

19 Im, Chae-wan, “Transnational activities of diaspora and its homeland in era of globalization”, *The Korean Journal of International Relations*. Vol.48. No.1,2008

20 Im, Chae-wan and Jeon Hyeong-Kwon, “Overseas Koreans and Global Network” Seoul: Hanwool Academy, 2006.

21 Oh Se-ung, “Images of Korea in the Narratives of Transnational Korean Adoptees,” *Comparative Korean Studies*, Vol 18. No.2, 2010.

22 Park, In-seon, “A Study on Root-finding of Overseas Adoptees,” a doctoral dissertation, Ewha Women's University. 1994,

23 Peter Stalker, “International Immigration”, Leeso Publishing, 2004.

24 _____, *No—Nonsense Guide to International Migration*. W.W. Norton, 2001.

25 RyuGyu-young, “A Study on Identity and Consciousness of Overseas Adoptees : Centering on Homeland Visiting Company,” *In Childrens Studies*. Vol.15, 2002.

26 Seok Soon Shim, “Regarding Services Provided for Overseas Adoptee's search for Birth Parent(s)”, *Chung-Ang University*, 1999.

27 Sim Irina, “A study on International Immigration of German Diaspora in Russia”, a doctoral dissertation, Chonnam National University, 2009.

28 Song, Jae-Ryong, “Multiculturalism and Politics of Recognition, and Beyond :Centered on Charles Taylor, *Social Theory Studies* vol. 35, Korea Social Theory Academy, 2009.

29 Russell Blaisdell, “Father of a Thousand”, Choonghyunwon, 2008

30 OstenWahlbeck, “The Concept of diaspora as an analytical tool in the study of refugee communities,” in *Journal of Ethnic and Migration Studies*, Vol.28, 2002.

31 Safran, Willam. “Diaspora in Modern Societies: Myth of Homeland and Return.” *Diaspora*, 2000.

32 Wahlbeck, Osten. “The Concept of diaspora as an analytical tool in the study of refugee communities,” *Journal of Ethnic and Migration Studies*, Vol. 28(2), 2002.

33 Werbner, Pnina, “The Place which is diaspora: citizenship, religion and gender in the making of chaotic transnationalism,” *Journal of Ethnic and Migration Studies*, Vol. 28, No. 1, 2002.

34 Yun, In-jin, *Korean Diaspora*. Seoul; Korea University Pub. 2004.

<Web-Site>

<http://justicespeaking.wordpress.com>.

<http://www.inkas.org/ko/service>

<http://www.sws.or.kr/sub07e.php>

<http://www.eastern.or.kr>

<http://www.nestkorea.com/dungji/programs11.htm>

<http://www.mw.go.kr>

<http://www.koroot.org/kindex.html>

www.ikaa.org

<http://www.kcare.or.kr>

<https://www.kadoption.or.kr/intro/introduction.jsp>.

<https://www.kcare.or.kr>

TRACK: <http://justicespeaking.wordpress.com>

<http://cbh.or.kr>

www.lhybride.com

<http://www.kssinc.org>

Түйін

Мына зерттеудің мақсаты ұлтаралық диаспора тұрғысынан шетел кәріс асыранды балаларының тәжірибесі мен тұлғаларын анықтау болып табылады. Қан жағынан алғанда жай шетел кәрістер болғанымен, асыранды балалар ұлты немесе мемлекетінен тыс әртүрлі жеке ұқсастылықтары бар ұлтаралық тұлғалар деп ұйғарылады.

Көптеген асыранды балаларда диаспоралық даралық болды, өйткені қабылдаушы мемлекетте олар уақыт өте өздерінің бейнесі басқалардан ерекше екендігін байқады және «Мен кім?» деген фундаменталды сұрақ туындады. Сондай-ақ кең ұлтаралық әлеуметтік ортаның арқасында тамырларын табу үшін оларда атамекенін барып көру мүмкіндігі болды, сөйтіп, ақырында туған елі мен қабылдаушы ел арасындағы тіл мен мәдениеттің арасындағы айырмашылықты көріп білді.

Таңғалатын жайт, жарты ғасырдан астам асыранды балаларды шетелге жіберген кәріс үкіметі атамекенге келу бағдарламаларын жасап және де тамырларын табу мен елді көру жобаларына көп көңіл бөле бастады.

Бұл зерттеу 2005-2010 жж. аралығында елді көру және биологиялық ата-аналарды іздеу бағдарламалары негізінде жүрген шетелге асыранды бала болып барғаннан бастап шетел кәріс диаспорасы атанғанға дейінгі үрдісті қамтиды. Осы орайда олармен сұхбат жасалып, елді көру бағдарламалары жасалды, сонымен қатар олар асырап алу агенттіктеріне де барып қайтты. Жалпы алғанда 30 кәріс асыранды балалары қатысып, оның көбісі Корей еліне АҚШ-тан, Швейцария, Швеция, Англия, Дания және Нидерланд елдерінен келген; кейбіреулерінен сұхбат алынды.

Пайда болған жерінде олардың туған тілі мен мәдени құндылықтарынан бас тартылған диаспора дағдарысының және оның ұқсастықпен қарсыласудың мәнін көрсетеді. Алайда оларды сыйлап, олардың мәдениеті мен әлеуметтік жағдайлары ескерілетінін сезген кезде, олар дұрыс көзқараста болады. Сөйтіп, диаспораның өмірге деген көзқарастың маңызды мәні бар, жеке және әлеуметтік жағынан. Бұл зерттеу асыранды балалардың атамекен мен шетел қауымдастығы арасындағы өзара алмасу жағдайында олар қазір өмір сүріп жатқан басқа қоғамның мәдениеті танып қабылдау үшін екі жақ әділдік пен лайықты қарым-қатынасты сақтауы қажет.

Кілт сөздер: асыранды бала, бейімделу, диаспора, шетелдік кәріс асыранды балалар, ұқсастылық саясаты, тану саясаты, транснационализм, мемлекет.

Резюме

Целью этого исследования является изучение опыта и личностей зарубежных корейских приемных детей с точки зрения межнациональной диаспоры. Предполагается, что приемыши - межнациональные личности с множественными идентификационными данными вне зависимости от нации или государства, хотя они - просто зарубежные корейцы с точки зрения линии крови.

У большинства приемышей была диаспоральная идентичность, так как со временем они замечали, что их внешность отличается от других в стране-организаторе и назревал фундаментальный вопрос: «Кто я?» В то же время они имели возможность посетить их родину, чтобы найти их корни, благодаря расширенной межнациональной социальной среде, и в конечном счете нашли различие в языке и культуре между их родной страной и страной-организатором.

Удивительно, что корейское правительство, которое отсылало приемышей больше половины века, начало устраивать программы посещения дома и обращать много внимания на нахождение корней и проекты домашнего посещения.

Исследование рассматривает процесс развития от того времени, как они просто были зарубежными приемышами до становления их частью зарубежной корейской диаспоры, основанной на домашних посещениях и их поиске биологических родителей в период с 2005 по 2010. В данном случае устраивались интервью и наблюдались программы посещения родины, а также они посещали агентства по усыновлению. В общей сложности принимали участие 30 корейских приемышей, большинство которых приезжали в Корею из Соединенных Штатов, Швейцарии, Швеции, Англии, Дании и Нидерландов; и некоторые из них в стране резидентства участвовали в интервью.

Диаспора, в лице зарубежных приемышей, показывает смысл кризиса и сопротивления их идентичности, когда их собственный язык и культурные ценности проигнорированы на месте, где они были основаны.

Однако, когда они чувствуют, что их уважают и что их культура и социальные положения гарантируются, то они ответят положительно. Таким образом, отношение диаспоры к жизни имеет важное значение - индивидуально и в социальном отношении. Это исследование показывает, что для взаимного обмена между родиной и зарубежными сообществами приемыша, обе стороны должны сохранить объективность и достойное отношение, чтобы принять и признать культуру другого общества, где они живут теперь.

Ключевые слова: Приемыш, адаптация, диаспора, зарубежные корейские приемыши, политика идентичности, политика признания, транснационализм, государство.

ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕСІ ТРИБУНА МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

УДК: 364–78

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТЫҢ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЙШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ҚИСЫНДЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

С.И. Оспанов – *филос.ғ.д., доцент,*
А.Р. Балтабаева – *ҚазМемҚызПУ-нің магистранты*

Мақалада әлеуметтік жұмыстың аясындағы қайшылықтарды зерттеудегі қисындық-әдіснамалық мәселелердің туындау көздері, әлеуметтік жанжалдарды болдырмаудың маңызды тәсілі, олардың алдын алу жолдары қарастырылған. Еліміздің тұрақты дамуы мен халықтың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру мақсатында барлық аймақтарда инфрақұрылымды жақсарту мәселесі біртіндеп жүргізілуде.

Кілігі сөзі: Әлеуметтік жанжал, әлеуметтік қақтығыс, әлеуметтік қайшылық, мінез-құлық бихевиористік, қауым

Қоғам дамуының барлық сатыларында дүние жүзіндегі барлық мемлекеттерде әлеуметтік қайшылықтар орын алады. Қазіргі кезде қоғамда әлеуметтік қайшылықтардың түрлері ерекшеленіп, шиеленістердің туындауы мен оларды шешу жолдары көбеюде. Міне, сол себептен әлеуметтік қайшылықтарды талдауда, алдын алуда және дұрыс шеше білуде әлеуметтік жұмыс мамандарының орны ерекше. Осы мәселеге әлемдік деңгейде назар аударылып отыр.

Әлеуметтік қайшылық екі жақтың мүдделері мен мақсаттарының айырмашылықтарынан басталып, олардың қарама-қарсылығынан туындайды. Сол қарама-қарсы жақтардың арасындағы қайшылық шегінен шығып, асқынуы нәтижесінде шиелініс пісіп жетіледі. Бұл қоғамдағы жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың, таптардың мүдделері бір-бірімен қабыса бермейтіндігін де көрсетеді. Шиелініс ең жоғарғы деңгейіне жеткенде әлеуметтік қақтығыстар да туындайды.

Американдық авторлар Р. Фишер мен У. Юридің талдауына шиелініс дұрыс шешімін табуы үшін ең алдымен екі жақты субъектілердің мақсаттары мен мүдделерінің қарама-қарсылығын айқын сезінулері қажет. Сол сезімдер шиеліністің өрістеу барысына әлеуметтік ортаға елеулі ықпал етеді. Қоғамның жалпы дамудәрежесі, нақты сол кездегі орын алып отырған экономикалық жағдай, қоғамдағы дәстүр, ұлттық, демографиялық айырмашылықтар шиеліністі жағдайда елеулі рөл атқарады. Бұл жағдайлар шиеліністің нәтижесіне де әсер етеді [1].

Әлеуметтік жанжалдарды болдырмаудың маңызды тәсілі – олардың алдын алу. Әлеуметтік жанжалдардың алдын алу үшін оларды тудыратын нысандардың арасындағы жанжалдардың туылу ықтималдылығын болдырмау немесе барынша азайтатындай етіп ұйымдастыру болып табылады. Әлеуметтік жанжалдардың алдын-алуға байланысты іс-әрекеттерді әлеуметтік өзара әрекеттесуге қатынасұшылардың өздері, ұйым басшылары, жанжалтанушылар жүзеге асыра алады. Әлеуметтік жанжалдар – екі жақтың күресінің нәтижесі. Ол нәтижені қайшылық нысанына қатынасы бар жақтардың қатынастары есебінде қарастыруға да болады. Жанжалдардың шешілу нәтижелері мыналар болуы мүмкін:

- қайшылыққа қатысты субъектілердің бір немесе екінші жағының да жойылуы;
- жанжалдың қайта басталуы мүмкіндігін тоқтату;
- екі жақтың біреуінің жеңіске жетуі (біреуінің жанжал нысанына ие болуы);
- жанжал нысанын бөлу;
- нысанды бірлесіп қолдану тәртібі жайлы келісімге келу;
- өзге жақтың нысанын иемдену үшін тең өтем төлеу;
- екі жақтың да аталмыш нысанға қол сұғудан бас тартуы;
- екі жақтың да мүдделерін қанағаттандыратын объектілерді баламалы түрде анықтау.


Қазақстан үкіметі бүгінгі экономикалық және саяси әлеуметтік қайшылықтарды реттеу үшін бірқатар шаралар атқаруда. Әсіресе, халықтың әлеуметтік жағдайын жүйелеуге қатысты жаңа саяси-құқықтық шаралар, реттеу нормалары мен принциптері және басқа құжаттар қабылданды. Олар халықтың әлеуметтік қауіпсіздігін сақтауға, кейдейшіліктің бұқаралық сипат алып кетпеуіне шешуші әсер етеді. Алайда бұл шараларды жүзеге асыруда кедергі келтіретін факторлар аз емес. Мысалы, кәсіподақтардың бірізді болмауы салдарынан әлі күнге дейін әлеуметтік қайшылықтардың кейбір түрлері шешілмеуде. Еңбек қатынастарындағы жұмыс берушілер мен жұмысшылардың келіспеушілігі, тағы басқада да мәселелер

туындауда. Бастысы, еңбек қатынастарында кәсіподақтармен жұмыс берушілердің, тағы басқада ұйымдардың өкілдерінен тұратын үшжақты комиссияжасақталған. Бұл комиссияның басты мақсаты әлеуметтік жанжалдардың алдын алу, еңбек дауын шешу. Нақтырақ айтқанда, жұмыс беруші мен жұмысшылардың арасындағы еңбек дауын шешу үшін жиналыс не мәслихат өткізу, екі жақтың бұйымтайын тындау, ортақ шешім шығаруға сеп болады. Бұл ретте республикалық Кәсіподақтар федерациясының өз мақсаты бар. Еңбек дауларының туындау қатерлерін алдын ала анықтап, мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы билік және жұмыс берушілермен бірге текетірестің шығу себебін анықтау болып табылады. Сондай-ақ, қолданыстағы заңдардың шеңберінде шиеленіскен дауларды шешуде кәсіподақтың міндеттеріне жатады [2].

Бүгінгі таңда қоғамдық тәжірибе көрсеткендей әлеуметтік жұмыс төмендегідей бірнеше салаға бөлінеді. Олар: әлеуметтік демеуге мұқтаж балаларға көмек көрсету; денсаулық сақтау мен салауатты өмір салтына мұқтаж жандар; есі кемістермен жұмыс; жұмыссыздықтан құтылу үшін кәсіптік дайындық алушылар; жалғыз басты қарттар мен жетімдер; әлеуметтік мұқтаждақтарын шешу мақсатында сауат ашу мен білім көтеру; мінезі ауытқығандардың тәрбиелілігін түзету сияқты мәселелер. Әлеуметтік жұмыстың бұл салалары мамандарды дайындауға нақтылы бағыттар береді. Әлеуметтік жұмыс маманы мен әлеуметтік көмекке мұқтаж адамдар арасындағы қажетті білімді игеріп, туындаған қайшылықтарды жоғары біліктілікпен шешу әлеуметтік жұмыс маманының басты мақсаты болып табылады.

Әлеуметтік жұмыс, қоғамдық қатынастардың ерекше салаларын реттейтін әлеуметтік институттың бірі бола табылады. Сол институттар жеке адамның бүткіл қоғамның тіршілік әрекеттерімен нақтылы байланыстарда болуын, солардың жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Соларға тікелей немесе қосалқы түрде әсер етеді. Қоғамның әлеуметтік әлсіз мүшелерін қолдау, өмірдің қиын-қыстау кезеңіне түскен адамдарға көмек көрсету әлеуметтік жұмыс өте маңызды істеріне жатады[3].

Осы істерді дұрыс және нәтижелі атқару үшін әлеуметтік қайшылықтардың болу себептерінің объективтік және субъективтік жақтарын нақтылау қажет. Мысалы, кейде әлеуметтік қайшылықтар тек қана қоғамда кездесетін объективті себептерге байланысты туындамайды. Адамдар арасындағы қайшылықтар жеке пенделердің мінез-құлқы, көңіл-күйі, талғамы, өмірге деген көзқарасы және т.б. субъективтік себептерінен де туындауы ғажап емес. Солар белгілі бір әлеуметтік жағдайларда, өмірдің нақтылы жақтарымен байланысқан жағдайларда әлеуметтік қайшылықтарға тән сипаттарға ие бола бастауы мүмкін. Егер жеке пенделер арасындағы қайшылықтардың туындау себебі қоғамдық қайшылықтардың мән-мағыналарымен жалғасып, сол тұрғыдан өзге де әлеуметтік топтар мен қатарлардың өкілдерін қамтыйтын болса, онда адамдар арасындағы қайшылықтар әлеуметтік жағдайларды ушықтыруы мүмкін. Ол жағдаят жеке адамдар арасында бір-біріне өшпенділік туғызып қана қоймай, қоғамның тұтастығына, ел бірлігіне әсер етуі де мүмкін. Қоғамдық сипат алған қайшылықтар ұзаққа созылып кетсе кең көлемдегі материалдық шығындарға ұшыратуы, адамдар өміріне әртүрлі қауіптер төндіруі де мүмкін [4].



Әлеуметтік іс-әрекет барысында қарсы жақтардың мүдделерінің, мақсаттарының, жеке тұлғалар мен топтардың қажеттіліктерінің қайшылыққа ұшырауы, күресі. Әлеуметтануда және саяси теорияда бұл ұғымды түсіндірудің әртүрлі теориялық-әдіснамалық жолдары бар. Солардың бірі – мінез-құлықтық (бихевиористік) – қақтығысты жеке адам немесе тұлға өз мақсатына, мүдделеріне жетуді көздеп, оған ұқсас немесе бірдей мақсат пен мүддені көздеген қарсы жақты ығыстыру не бағындыруға талпынатын әлеуметтік процесс ретінде бейнелейді. Қақтығыс, сондай-ақ әртүрлі мақсаттағы, бірақ, оны жүзеге асыруда бірдей құралдар қолданатын топтардың арасында да болуы мүмкін. Қақтығыста қашан да қарсыластың бар екендігін түйсіну үшін екі жақтың да діттегендері мен мақсаттары анық білу қажет.

Қақтығыстар өзге құндылықтар жүйесін қабылдамаудың, қарсыласқа жағымсыз қатынастардың ымырасыз қайшылығы негізінде туады. Бұл ұғымның ең танымал түсіндірмесін АҚШ әлеуметтанушысы Л. Козер жасаған. Оның пікірінше, қақтығыс – қарсыласушы жақтардың арасында жетіспейтін ресурстар үшін күрес туғызып, бәсекелесті қарусыздандырып, залалын тигізіп, тіпті шеттетуге дейін баратын мінез-құлық. Күрес ретіндегі қақтығыс анықтамасында ашық қарсылыққа көшетін субъектердің өзара қатынасының ширығуы ерекше көңіл аударуды талап етеді.

Әлеуметтік қақтығыстардың атқаратын қызметі, қоғамдық тұтастыққа қатысты қақтығыстардың атқаратын рөлін реттеуге себепші болу. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, қоғам өмірінде анағұрлым маңызды саналатын әлеуметтік қақтығыстардың қоғамдық процестер динамикасын тездететін қызметі бар. Әлеуметтік қақтығыстан қоғам дамуының қарқындауын көру үрдісі К. Маркстен бастау алады. Оның пайымдауынша, таптық қайшылықтар төңкерістік сипат ала отырып, әлеуметтік жүйеде прогрессивті құрылымдық өзгерістерге әкеледі. Козер, Дарендорф сынды қазіргі зерттеушілер де қақтығыстар қоғамдағы әлеуметтік жүйелердің қасаңданып, қатып қалуына жол бермей, олардың өмір сүруі үшін жаңа институционалдық түрлерінің қалыптасуына септігін тигізетінін мойындайды [5].

Қазақстан республикасында әлеуметтік қайшылықтарды болдырмаудың бірқатар шаралары іске асырылуда. Еліміздің тұрақты дамуы мен халықтың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру мақсатында барлық аймақтарда инфрақұрылымды жақсарту мәселесі біртіндеп жүргізілуде. Алыс-жақын елді мекендерде тұрғын үйлер мен жолдар салынып, оларды жылумен, жарықпен, сумен қамтамасыз етуілуде. Жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін қайта даярлау курстарында оқыту арқылы жұмыссыздар саны азайтылуда. Осы жұмыстардың барлығы еліміздің әлеуметтік қайшылықтарды болдырмаудың немесе қайшылықты мәселелерді азайту мақсатында жасалынып жатқан іс-шаралары болып табылады.

Қоғам тарихы мен философиялық тұжырымдар көрсеткендей қайшылықсыз қоғам жоқ, тіпті қоғам сол арқылы дамыйды. Сондықтан да кез-келген қоғамда конструктивті қақтығыстар болмай қоймайды. Ол саяси жүйенің динамикалық дамуын қамтамасыз етуге, оның үнемі өзгеріп отыратын шарттарға дағдылануға, социум мен оның жеке бөліктеріне оң әсер ету жолдарын жасап отыруға шешуші әсер етеді. Пайда болған әлеуметтік қайшылықтар қоғамдағы тұрақсыздықтың индикаторы болып табылмайды. Ол қоғамдағы өзара сәйкес келмейтін мүдделерді, пікір айырмашылықтардың заңды түрдегі көріністері. Ашық пікірталасқа түсу, саяси қақтығыстардың алдын алу мен реттеудің диалогтық кеңістігінің қажет екенін көрсетеді [6].

Қарама-қайшылық ушыққан жағдайда қақтығысқа жол беру оны шешудің жолдарын қарастыруға дайын еместігімізді білдіреді. Қайшылықтарды ұтымды шешу іс жүзінде әліде кемелді болмай отыр. Сондықтан әлеуметтік жұмыс саласында тұлғаның дамуы оның әлеуметтік қайшылықтарды дұрыс шешу қабілетінің қалыптасуына байланысты. Әлеуметтік қайшылықтарды шешуде солар туралы терең білім алу, қақтығыстық жағдайда дұрыс бағдар ұстай білу қабілеті мен дағдысының болуы әлеуметтік жұмыс мамандары үшін аса маңызды құзіреттілік болып табылады. Бүгінгі жағдайда әлеуметтік жұмыс мамандарын оқытуда оларды болашақта қарама-қарсылыққа келгендердің арасындағы делдалдар, келіссөздер жүргізудің сарапшылары, бәсекелестік ортада тиімді қызмет атқаратын және қақтығыстарды реттейтін, басқаратын тұлғалар болулары керек.

1 www.testent.ru. Әлеуметтік шиеліністер.

2 Дабылбек Д. Әлеуметтік кикілжіңді болдырмаудың жолдары // Жас алаш 28.11.2013. 3 бет.

3 Тұрсынбаев Н.Ж. ҚАЗЖ қызметіндегі әлеуметтік жұмыстың маңыздылығы // Проблемы и перспективы развития уголовно-исполнительной политики, 312-бет.

4 Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.

5 [http://www. Google.kz/](http://www.google.kz/) Әлеуметтік қақтығыстар.

6 <http://alashainasy.kz/person/1681>. // Қақтығыстарды реттеудің тиімді әдістері мен тәсілдерін толық меңгердік деп айтуға әзірге ертерек. 26.03.2010.

Резюме

В статье рассмотрено источник формирования правдоподобно-методологические проблемы на исследование конфликтологии в сфере социальной работе. В целях постоянного развития и улучшения социальной-экономическую потенциалу народа нашей страны на всех краях постепенно проводится проблемы облагораживание инфраструктуру.

Ключевые слова: социальная конфликтология, социальный инцидент, социальный противоречие, бихевиорисный поведение, социум

Summary

In the article the source of formation of plausible methodological problems to study conflict resolution in social work. In itself continuous development and improvement of the socio-economic potential of the people of our country on all edges gradually carried problems upgrading infrastructure.

Keywords: Social Conflict, Social incident of social contradictions, bibehavioral behavior, society

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ

Ж.Ж. Куанышбаева– *Қ.И.Сатпаев атындағы ҚазҰТЗУ аға оқытушысы*

Мақалада жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың қалыптасу кезеңдері анықталады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мемлекетаралық және ұлтаралық ынтымақтастықты нығайтудың басты этапы ретінде көрсетіледі. Мақалада қоғамды демократияландыру жағдайындағы саяси-әлеуметтік өзгерістердің жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға әсері айқындалып, оның қалыптасу ерекшеліктеріне саясаттанулық тұрғыдан талдау жасалынған. Аталған маңызды міндет ұлтты ұйыстырып, ұлттық құндылықтар негізіне сүйене отырып, патриот жастарды қалыптастыруды талап етіп отыр. Демек, мемлекеттегі әрбір жеке тұлғаның бойында Қазақстанның бірлігі, тұтастығы мен тәуелсіздігі, қоғамдық тұрақтылық пен саяси келісім және т.б. ортақ құндылықтарды орнықтырудың қажеттілігін арттыра түседі. Біздің міндетіміз осы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды әрбір қазақстандық қоғам мүшесінің санасындағы басты да басым тетікке айналдыру болып табылады.

Түйін сөздер: жалпыадамзаттық құндылық, ұлттық құндылық, ұлт, құндылықтық бағдар

Қазіргі кезде қазақ қоғамындағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың қалыптасу ерекшеліктері адамзат қоғамы өмірдің барлық салаларындағы серпінді өзгерістермен сипаталынады. Еңбек, саяси-идеялық, отбасылық, эстетикалық, дене тәрбиесімен қатар жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу тұлғаның бірыңғай әлеуметтену үрдісінің негізгі бағыты болып табылады және адамзат құндылықтарының қалыптасуы мен дамуын білдіреді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан бастап ұлттық құндылықтардың өзгерістерге ұшырауының жай-күйін анықтау әлемдік өркениетке ұмтылу заманында маңызды мәселелердің бірі. Өйткені жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың бір түрден екінші түрге ауысуы күрделі үрдіс болып табылып және де көп уақытты талап етеді. Сонымен қатар, қазіргі таңда біздің мемлекетіміздің өтпелі қоғам жағдайын ескеретін болсақ, саяси-әлеуметтік, экономикалық және мәдени мәселелердің құндылықтарға өз әсерін тигізуі мүмкін. Өйткені елдегі түрлі реформалар, қоғам, мемлекет институттарының модернизациялануы қоғамда жаңа құндылықтар жүйесінің орын алуына септігін тигізеді. Осы тұста елдің ұлттық сипатын сақтап қалу маңызды шарт ретінде қарастырылады.

Кеңестер Одағының ыдырауы нәтижесінде өз тәуелсіздігіне қол жеткізген Қазақстан жаңа негізде өз экономикасын, мәдениетін, саяси жүйесін құру қажеттілігімен бетпе бет келді. Қазақстанның алдында, осы құрылыс барысында негізгі – жалпыадамзаттық құндылықтарды немесе ұлттық құндылықтарды басымдылық деп тану мәселесі туындады.

Қазіргі заманғы қоғамда қалыптасқан жалпыадамзаттық нормалар мен құндылықтар жүйесі адамгершілік тұрғысынан таңдау жасау мен ол үшін жауапты болуды қажеттететін тұлғаның нақты әрекеттер үрдісіндегі оның белсенді ішкі айқындамасына байланысты тұлғаның өмірі мен іс-әрекетінің нағыз реттеушісіне айналады. Осыны негізге ала отырып, адамның моральдық келбеті, оның жалпыадамзаттық қағидалары нақты өмір барысында пайда болады және дамиды деген қорытынды жасауға болады. Сондықтан, көпұлтты қазақстан қоғамындағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың қалыптасу мен даму ерекшеліктерін анықтаудың маңыздылығы жоғарлайды.

Көпұлтты қоғамдағы құндылықтарды талдаудың әдістемелік аспектілерін қарастыру оларды зерттеу өте қиын деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Құндылықтардың мәнін қарастыра отырып, оның мазмұнының әртүрлі құрамдас бөліктеріне тоқталуға болады. Құндылықтар күрделі, өзара әрекеттесетін де, біршама дербес факторлардың әсерінен қалыптасады. С.Мукашевтың ойынша, қазақстандықтардың құндылықты қағидаларына үш фактор әсер етеді:

- 1) бұрынғы кеңестік құндылықтарды сақтау;
- 2) алдыңғы қатарға этникалық факторды шығару (қазақ ұлтының тұрғындары арасында);
- 3) мәдени жаһандандудың салдары ретінде мәдениет саласының коммерциялануы [1].

Бүгінгі қазақстандағы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың қалыптасуы мен дамуына әсер ететін көптеген жайттардың түп тамыры тәуелсіздікпен қатар жүруінде жатыр. Құндылықтар дамуы егемендікпен бірге барлық саяси-әлеуметтік қиындықтар мен жақсылықтарды бастан өткерді. Осы орайда жоғарыдағы факторлардан басқа мынадай факторлар да өз ықпалын тигізді:

1) кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйеден, қазақстандық қоғам бірден батыстық типтегі нарықтық экономикаға, демократиялық жүйеге өтті. Саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге азаматтардың тез бейімделуі қиынға соғары белгілі. Саяси сананың, саяси мәдениеттің, мінез-құлықтың саяси

психологияның, саяси құндылықтардың, ұлттық құндылықтардың жаңа жүйеге тез арада қалыптасуы күрделі процесс. Яғни, әлеуметтік-экономикалық формацияның бірізді жүрмеуі жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың қалыптасу және даму процесінде көп қиындықтарды туындатты.

2) С.Мукашев айтып кеткендей, Қазақстандағы кеңестік үлгіден қалған әкімшілік әдістер мен түрлі стереотиптердің, бюрократияның сақталуы, қоғамдағы жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың тамыр жаюына тежеуші факторы болды десек артық айтпаймыз.

3) жаһандану жағдайына байланысты батыстық құндылықтар қоғам өміріне еніп, ұлттық идеяның басты ұстанымы болатын ұлттық құндылықтармыздың қалыптасуын баялатып жатыр.

4) қоғамымыздағы әлеуметтік-мәдени алғышарттар, ұлттық құндылықтар демократиялық ұстанымдармен нашар үндестік табуда. Ұлттық, діни, ділдік-психологиялық және жалпыадамзаттық құндылықтар демократиялық ұстанымдармен өзара біте қайнасып, жаңаша ұлттық сана-сезім мен психология қалыптасса ғана осы заман талабына сай нағыз қазақстандық құндылықтар қанат жаяды.

5) ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар мен асқақ идеялар қазақстандық қоғамға әлі тереңдеп сіңгенге қойған жоқ. Азаматтар жеке басының қамын, тұтынушылық талғамдарын қанағаттандырудан, материалдық байлық жинаудан әрі аса алмауда.

Осы ой желісінде кеңестік және посткеңестік жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың қалыптасуын қарастыра отырып А.Браун айтып кеткендей «Ресей мен СССР қалыптастырған ұзақ авторитарлы сипат демократизация, либерализация және плюрализм бағытындағы саяси өзгерістерге шындап кедергі болды» [2], олар авторитарлы сипатта қалыптасты деп тұжырым жасауға болады. Кейін келе біртіндеп мемлекеттік саясаттың аясында құндылықтарымызды жаңғырту қолға алына бастады. Сонда да, адамдардың саяси процеске қатысуынан, ұлттық құндылықтарды сақтау және тәуелсіздік жылдары ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың теориялық және практика жүзінде қалай іске асырылғаны туралы жолдаулар мен стратегияларды салыстырып саралай келе төмендегі кезеңдерге бөліп көрсетейік:

1. 1990-1995жж. – кеңестік саяси жүйе әсерінен құндылықтардың құлдырауы. Тәуелсіздік алғаннан соң ұлттық-этникалық бағыт-бағдарлардың біртіндеп халықтың әл-ауқатын көтеру негізінде қолға алынды.

2. 1995-1997жж. – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың мақсаттары мен бағдарламалары қалыптасып жаңа мазмұнға ие бола бастады.

3. 1997-2001жж. Жаңа қоғамның трансформацияланып адами қатынастарға, құндылықтардың жаңа сапасын қалыптастыру кезеңі. Қоғамдық сананы трансформациялау қолға алынып, жаңа құндылықтарға тез бейімделіп үлгерген жастарға арқау жасалады. Барлық адамның заң алдында теңдігін, өз құндылықтарын сақтап, оны ары қарай дамытуға мүмкіндік жасалатын құқықтық мемлекеттік қалыптастыру кезеңі.

4. 2001-2005жж. Қалыптасқан мемлекеттік құндылықтар негізінде бостандық, нарықтық қоғам түсінігі баға жетпес құндылық болатын жаңа ұрпақ пайда болды. Қазақстанды дамыту мақсатында стратегиялық реформалар жүргізіле бастады. Адами, ұлттық және мемлекеттік құндылықтарды, бірлігімізді, ұлтаралық және дінаралық татулығымызды, саяси тұрақтылығымызды сақтай отырыпалдыға жылжуға бағдарламалар жасалып іске асырыла бастайды.

5. 2005-2010жж. Экономикалық және саяси дамудың жаңа кезеңі. Қайтадан қалыптастырған ұлттық құндылықтарымызды демократиялық құндылықтармен ұштастырып көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымызға сай құқықтық мемлекетті ары қарай нығайту кезеңі.

6. 2010- тұрақты Қазақстан. Бейбітшілік пен төзімділік, бірлік, тұрақтылық, көпұлттылық және көпконфессиялық сияқты құндылықтар жалпыұлттық құндылыққа айналған кезең. Осы құндылықтарды сақтап қалу мақсатынды Мәңгілік ел актісі ұйымдастырылды.

Түбірлі құндылықтарды өзгерту мүмкін емес. Дегенмен, қазіргі таңда адамдардың өмірлік бағдары қоғамдағы өтіп жатқан ауқымды процесстерге сәйкес өзгерістерге түсіп, тұрғындарда жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың маңызы өсіп отыр. Яғни, адамға өзін, өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға заңды құқығы бар еркін, тәуелсіз тұлға ретінде түсіну тән.

Қазақстандағы этносаясаттанудың негізін қалаушылардың бірі Р.Б.Әбсаттаров: «Қазіргі кезде Қазақстан халықтарының өз ұлттық түп тамырына, тарихы мен мәдениетіне көңіл бөлудіңкүшейуі, ұлттық өзіндік ерекшелікті, тіл мәдениетін сақтауға қызығушылықтың артуыжаппай байқалады. Сондықтан Қазақстанныңұлттық құрылымын мұқият зерттеу қажет. Осы мәселені неғұрлым толық зерттеу үшін ұлттық даму және ұлтаралық қатынас мәдениеті тұжырымдамасын дайындаудыңмаңызы өте зор» [3].Қазақстанныңбүгінгі өмірініңмаңызы міндеті - ұлтаралық келісімді сақтау.

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың қазақстан қоғамында қалыптасу ерекшеліктерін екі кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1) Кеңестік кезең. Яғни кеңес үкіметі кезеңіндегі таптық идеологияның негізінде қалыптасуы. Ең алдымен саяси үрдістер қоғамда саяси ахуалды тудырады. Сонымен бірге, қоғамның саяси деңгейі, дамуынан азаматтардың саясатқа қатысуы мен құндылықтық ерекшеліктерінен байқалады. Бұл кезеңге тән сипат тәуелсіз ұлт қалыптастырудың мақсаты ұлттықтан жоғары, сонымен қатар, жалпыадамзаттық құндылық болаалатын ұлттық мемлекет құру. Мемлекет өзіне ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың белгілерін өзіне жинақтап мемлекеттің қарқынды ортақ идеология тұрғысынан дамуына шоғырландырады. Қандай болмасын адамның қауымдастығы қоғамдық ұйымды қамтамасыз еткен жағдайда жоғары инстанцияға еріксіз көнгіштік пен өздерінің өкілеттілігіне құқық береді. Ұлт бұл кезде ұлттық мемлекеттің қауымдастық ұйым формасы ретінде міндетті және жалғыз субъектісі болып табылады. Құндылықтар адамның барлық қарым-қатынастарында кездесі, бірақ олардың тиімді қызметі норма (тиістілік) менмаңыздылық сияқты критерилерге тікелей байланысты. Олар осы уақытқа тән әлеуметтік адамгершілік құндылықтарына тығыз бағынышты. Адамгершілік пен құқық ұлттық және адамзаттық құндылықтарды өзіне басыбайлы етіп өзара қарым-қатынас пен қарама-қайшылықта болады. Құндылықтар әр кез өзінің идеалды нормаларын көрсетпекші болғанмен саясаттың құрсауында қалып өзін-өзі бекіте алмайды. Саясат ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, адамгершілік пен құқықтық құндылықтарға талғаммен қарап оларды бағыттап өзінің нормаларына ыңғайлап, қоғамға мәжбүрлейді.

Тоталитарлы жүйе кезеңіндегі қоғамдағы маңызды құндылықтан аластатылу ерекше сипат алды. Сонымен бірге, жалпы еңбек ету міндеттілігі, құндылықтарды мәжбүрлеп жасаудан ұлт өзінің бастапқы тарихи қалыптасуан алшақтап кетеді. Халық саясаттың кепілділігі болған ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, экономика, құқық, адамгершіліктің алдындағы сөзсіз көнгіштік пен төзімділіктің жемісін ұлттық құндылықтарын жоғалтқан ұрпақтарынан көрініс тапты. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар өзінің шынайылығы тек билік ұлттың игілігіне, адамның мүддесіне қарай легитимді болса ғана байқалады.

Кеңес үкіметі кезеңінің саяси жүйесінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру мен нығайту идеологиялық мәселелерінің бірі интернационализм тұрғысынан дамыды.

2) Тәуелсіздік алғаннан кейінгі ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың жаңғыру кезеңі. Ұлттың өзін саналы өркениетті дамудың бастамасы ретінде сезінуі. Жалпыадамзаттық құндылықтар демократиялық сипат ала бастады. Бірақ 1990 жылдан бастап, әсіресе тәуелсіздіктің алғышқы жылдары либералды құндылықтардың аранқол құндылықтардың дамуына алып келді. Тәуелсіздігін енді алып саяси үрдістердің дамуына ден қоя бастаған елімізде құндылықтық негіздерге жауапкершіліктің аз болғандылығы байқалады. Саясаттанушы Т.Исмағанбетов: «Сонымен, батыстың идеясы мен құндылықтары өзімізге сәйкестендіріліп, түпнұсқадан алшақталынды, Сондықтан да, Еуропаға қарағанда либералды құндылықтардың қалың бұқараға жете қоймады» [4].

Қазіргі уақытта Қазақстанда тіршілік етудің жеткілікті жағдайлары жасалды. Қазіргі заманғы қоғамның жаңа демократиялық құндылықтарын қалыптастырып, дамыту жүргізілуде. Елдегі маңызды нәтижелердің бірі ұлтаралық тыныштықты сақтау, діни төзімділік, саяси тұрақтылық пен келісім болып табылады. Қазақстандық ғалым А.Ш. Ешмұхамедов «Егеменді Қазақстанның қалыптасуы, қазіргі кезеңдегі қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын еркін қамтамасыз ету, саяси мәртебесін нығайту оның адамзат өркениеттің даму аясына кіруімен байланысты. Жалпыадамзаттық құндылықтардың оң жетістіктерін меңгеру және іс жүзінде іске асыру – егеменді Қазақстанның алға басуының маңызды негізі. Қазақ қоғамының әлеуметтік- экономикалық, ұлттық өмірінің оң белгілері мен түрлерін, оның дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, мәдениеті мен тілінің өзіне тән ерекшеліктерін дамыту және өркендету осы үдерістерімен байланысты» [5] -дейді.

Көпұлтты демократиялық мемлекет этникалық, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың бірлігінің көмегімен ерекше басқару формасы болып табылады. Мұндай мемлекет мемлекетаралық ынтымақтастықты қалыптастыру мен нығайтудың басты этапы ретінде көрсетеді. Бірақ саяси үрдістің бір кезеңнен екінші кезеңге өту барысында қиындықтар мен әлеуетті кризистер де орын алады. Қазіргі кездің жаңа құндылықтары қоғамда өз орнын алу үшін уақытты талап етеді. Сондықтан саяси институттар, ұйымдар мен азаматтар осы құндылықтарды қалыптастыруға ат салысу керек. Мемлекет осы ұстанымдарды әлеуметтік-саяси іс-әрекеттерде басшылыққа алып отырса өзінің легитимділігін қамтамасыз етеді. Өз кезегінде саяси легитимділік жаңа демократиялық нормалар мен құндылықтарды қоғамның трансформациялануында мойындалуына мүмкіндік жасайды. Осыған байланысты тәртіп пен келісім, тұрақтылық пен жүйелілік сияқты қағидаттардың маңыздылығы алдыға тартылады. Осы фактілерді сақтау қоғамның әлеуметтік-саяси үрдістерді - құндылықтар мен әлеуметтік-саяси басымдықтары бар дамыған қоғам қалыптастыруды тиімді ұйымдастыруға жағдай жасайды.

Осы кезеңдерді салыстыра отырып қазіргі трансформацияланған қоғамның саяси және әлеуметтік келбеті келесі әлеуметтік-саяси қағидаттардан байқауға болады:

- бірінші кезеңнің қалыптасқан қарым-қатынастар мен қазіргі саяси жүйенің қалыптасу кезіндегі құндылықтық ерекшеліктердің арасының алшақтылығы;
- саяси билік легитимділігі басшылыққа алатын құндылықтар жүйесі мен қалыптасып келе жатқан құндылықтардағы алшақтылық;
- алдыға қойылған әлеуметтік-саяси игіліктік құндылықтар мен саяси үрдіс субъектілерінің құндылықтарының арасындағы алшақтылық.

Бұрынғы одақтас республикалар мен жақын орналасқан көршілес елдерде жүргізілген саяси дамудың келеңсіз іс-тәжірибесі ұлтаралық қатынастар аясына көңіл бөлмеу реформалаудың оң өріс алуын күрделендіре түсетіндігін көрсетті. Сондықтан да, Қазақстан қоғамының көпұлттылығын есепке ала отырып саяси дамуды қалыптастырып, жүзеге асыруда оң жемісін берді. Біздің ойымызша, ұлттық топтар арасындағы төзімділік пен бейбітшіліктің дәстүрлі құндылықтарын ескере отырып, саяси қалыптасуды жүргізу еліміздің мемлекеттік саясатының өзіндік ерекшелігі болып табылады.

Бірінші кезеңде дамудың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың бағдарларын қалыптастыру жүзеге асрылса, онда келесі, екінші кезеңінде олардың тиімді іске асырылған нәтижесін байқай аламыз. Нарықтық экономиканы құрудағы бірінші кезеңде қол жеткен табыстарымыз, тұрақтылық пен тәртіпті сақтау, ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету, реформалаудың бірізді, біртіндеп дамуы, реформалаудың уақытылы өту сипаты Қазақстан қоғамын одан әрі жаңарту мен демократияландырудың факторларын қалыптастырып, тереңдету үшін, берік негізі болып шықты.

Бүгінгі таңдағы адамның қадір қасиетін сақтау және адамның еркіндігі, бостандығы мен демократиясы басты құндылық болып саналады. Қазақстандық қоғам өзінің ерекшеліктеріне қарай жалпыазаматтық мұраттарын жоғалтпауы маңызды. Қазақстан сияқты көпұлтты мемлекеттің өмір сүруінің негізгі шарты оның құндылықтары: азаматтық қоғам, патриотизм, гуманизм, төзімділік, адамгершілік, этносаралық сыйластық пен ашықтықты жүзеге асыру ұлттық саясатта рөлі ерекше. Бұл құндылықтар Қазақстандағы тұратын халықтардың ортақтық пен келісімге келудің негізі бола алады.

1 Формирование новой национальной идентичности в Казахстане // Старны центральной Азии на рубеже XX-XXI вв. становление национальных государств: реф.сб. / Ин-т научной информации по общественным наукам. –М.: ИНИОН РАН, С206.

